



О.Е. Ысқақ¹, А.А. Сисатов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаменті, Астана, Қазақстан
(E-mail: oralbek.y@mail.ru)

Қазақстандағы әскери күштердің саяси жанжалдарды реттеудегі рөлін модельдеу

Бұл мақалада мемлекеттік қақтығыстарды реттеу барысында тәуелсіздікті сақтаудың негізгі кепіліне айнала алатын, тәртіпсіздіктерді болдыртпаудың амалдарын орындайтын қарулы күштердің қоғам үшін орындайтын қажетті функциясы туралы баяндалады. Көптеген мемлекет ішкілікті төңкерістерді басу барысында жергілікті заң күштерінің жетпеуі жағдайына байланысты республика шекарасы мен ел бүтіндігін сақтаушы қарулы күштер бірден мемлекет ішкілікті саясатты қалыпқа түсіру үшін жұмылдырылуы мүмкін. Әскері жақсы дамыған сайын сол елдің тәуелсіздігіне байланысты сенімділік кепілі де жоғары болатыны рас. Әскери ресурстардың сапалық деңгейінің қаншалықты екендігін байқау үшін оларды жұмыс жасай алу принциптеріне орай модельдеген дұрыс. Жаңа Қазақстан жағдайында еліміздің қарулы күштерінің рөліне объективті бағаны біздер модельдеу барысында ғана бере аламыз.

Кілт сөздер: қарулы күштер, жанжалдар, мемлекеттік саясат, модельдеу, геополитика, жаһандану.

Кіріспе

Әлем елдері даму қарқындарымен жарысып, жаппай технологиялық өндіріске көшкенімен, әскери саланыда жоспардан тыс қалдырған жоқ.

АҚШ, Ресей федерациясы, Қытай, Жапония, Израиль, Түркия, Иран, Үндістан, Ұлыбритания, Франция және т.б. мемлекеттер де жоғарыда аталған елдердің категориясына жатады. Қарулы күштер сол елдегі сыртқы қорғаныс күші болып ғана қоймай ішкі тәртіпті сақтау мәселелері мен төтенше жағдайлар туындап жатқанда жаппай жұмылдырылып жатады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанына небәрі 32 жыл ғана болған мемлекет үшін де халықаралық саяси аренада қарулы күштерінің сапалық деңгейімен сынға түсетіні рас. Бірнеше шағын әрі ірілі мемлекет ішіндегі саяси және саяси емес дүмпулерді басуға және діни, экстремистік сипатқа ие ҚР діни қауымдастықтары танымаған террорлық ұйымдардың іс-әрекеттерін жоюға атсалысқан, ҚР қарулы күштерінің еліміздің біртұтастығын сақтау мен



тәртіпсіздіктерге жол бергізбеу мақсатында іске асырылған әскери жұмыстарын модельдеуге байланысты оларға дұрыс баға қойсақ болады. Қарулы күштердің неғұрлым күшейгеніне байланысты, соғұрлым ел ішіндегі тәртіп мәселесі де оң шешімін таба алады. Экстремистік сипаттағы үкіметке қарсы саяси емес топтар өз белсенділігін жоғалтады.

Зерттеу әдістері

К-study, тарихи-салыстырмалы әдіс, анализдеу, синтездеу, бинарлы әдіс, сандық және сапалық әдістер. Бұл тақырыпты кеңінен қарастыру үшін дисциплинараралық негіздер алынды. Әскери саланың мемлекеттегі қызметін кеңінен қарастыру үшін әлеуметтік және жаратылыстану бағытындағы қолданылатын әдістер қолданылды. Математикалық модельдеу барысында тақырыптың теориялық ауқымын ашу үшін сандық және сапалық әдістердің ара қатынасы да ескерілді. Әскери күштердің саяси өмірдегі рөлін мемлекетте орын алуы мүмкін жанжалдармен қатар салыстыру барысында алынған нәтижені сараптау, талдау және модельдеу секілді дисциплинар аралық тұстар да ескерілді.

Зерттеу нәтижелерін дәстүрлі әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын әдістер арқылы болжауға болатындығына көз жеткізілді. Математикалық модельдеудің теориялық негіздерін тәжірибе барысында қалай жүзеге асыруға болатындығына байланысты гипотезалар келтірілді. Сандық және сапалық әдістердің бірыңғай арнада объективті тұжырымдама жасаулары үшін мәселенің шарықтау шегі мен бастапқы себеп-салдарларын түсіну қажеттігі туындайтыны рас. Мемлекет ішіндегі саяси жанжалдар барысында туындайтын тәртіпсіздіктерді реттеудегі қарулы күштердің рөлін мемлекет тәжірибесіндегі жағдайлар барысында зерттейтін компаративистикалық әдіс пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Қазіргі жаһандану заманында мемлекеттің тәуелсіздігі мен дербестігі оның ішкі саяси тұрақтылығы мен мемлекеттік қорғаныстың жүйелі жұмыс жасауы аса маңызды болып табылады. Мемлекеттің дамуына арналған саяси реформалар мен бағдарламалар қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге, халықаралық аренадағы саяси қозғалыстардың кемшілігі мен артықшылығын сараптай отырып таңдалып, саяси жан-жалдардың алдын-алуға бағытталады.

Еліміздегі саяси элитаның шешімдері саяси жан-жалдарды реттеудің немесе бұзудың алгоритімі болып табылады. Егер қоғамдағы әр түрлі халықтың пікірі тарапынан наразылықтар туындап, халық көтерілістерінің пайда болуына түрткі болған ел ішіндегі тұрақты әлеуметтік жүйенің жүзеге асуы қауіпті құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда елдің тәуелсіздігінің тірегі, халықтың

амандығын сақтайтын қарулы күштердің саяси шешімдерді реттеуде алар орны ерекше. Әскери бөлімшелер мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы ресурс.

Елімізді тіктеп, етек жеңімізді жиып, ССР құрамынан бөлініп 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізген елім деген ерлердің, саптағы ержүрек әскерлердің ерлігі. Бүгінгі таңда әр бір қазақ әскері өз елінің шекарасын күзетіп, тау мен тасының тыныштығын сақтап жүр. Бірақ объективті қауіп төнетін жағдайда еліміздің әскері басқыншыларға қарсы қанша уақыт бойы сырттан төнген қауіпті ішке кіргізбей ұстап тұруы мүмкін деген де заңды сұрақтардың пайда болып жататындығы рас.

Қарулы күштерге-Қазақстан Республикасы әскери құрылымы әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтиды. Қазақстан жаңа қару түрлерін сатып алуды, оны сынақтан өткізуді маңызды санайды. Себебі жоғарыда айтқан тарихи сабақтар бізді солай етуге мәжбүрлеуде. Біз ең озық технологияларды иемденуге ұмтылып жатырмыз.

Себебі әскери сала артта қалған елдің қателігін кешірмейді. Әскери сала үнемі ізденіс пен жаңашылдықты қажет етеді. Ол қару-жарақ, әскери стратегия, тактика, оқу-жаттығуға да тікелей қатысты. Сол мақсатта ел үкіметі қаржыны да қысып қалмай, жеткілікті етіп бөлуде. Орталық Азия мемлекеттерінің барлық әскери салаға бөлінген қаржысын қосқанда Қазақстанның қорғаныс саласына бөлетін бюджетіне жетпейтіні сондықтан. Соңғы жылдары Қазақстан қорғаныс саласындағы әуе күштерін яки ұшқышсыз аппараттар мен барлауды дамытуға ден қоюда.

Соғыс уақытында құрамына қорғаныс министрлігіне қарайтын әскер түрлерінен басқа Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі және басқа да әскерлері, республикалық «Ұлан», азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Біздің елдің әскерінің мүмкіндігі қандай?

АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының сараптама орталығы (Global Figerpower) жыл сайын әскери қуаттылық рейтингі бойынша Қазақстан армиясы ешқашан үздік 40 елдің қатарына да кірген емес. Мысалы, 2013 жылы 106 елдің ішінде 80-орынға тұрақтады. 2014 жылы 123 елдің ішінен 66-сатыдан көрінді. Ал 2015-2017 жылдар аралығында 123 елдің ішінде жыл сайын жаңартылатын рейтингінің 53-орынды иеленді. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері 2018 жылы 136 елдің арасында алғаш рет 50-орынға көтерілді. Былтыр 138 елдің арасында 54-орыннан көрінгенбіз. Биыл 138 елдің ішінде 63-сатыға жайғастық. Әлем елдерінің Қарулы күштер құрамындағы тұрақты әскер саны бойынша 2021 жылғы рейтингі бойынша Қазақстан 166 елдің ішінде 70 орында тұр. Бұл көрсеткіш бойынша біздер орта деңгейден жоғарымыз.



Рейтингтегі мәлімет бойынша, Қазақстан Қарулы күштерінің тұрақты әскер саны – 39 мың [1].

Әскери рейтингті әлемнің көшбасшы елдерінің бастап тұрғаны шындық. Ол жалпы қаржыландыруға тікелей байланысты. Рейтингтегі елдердің қорғаныс күшін анықтау үшін PowerIndex бағамы бойынша қаржыландырудан бастап, жер көлемі, жан саны, бюджеті, туу көрсеткіші, реактивті оқтар мен зымырандарының қуаты мен саны, әуе, теңіз күштері, запастағы әскер саны материалдық-техникалық әлеуеті және географиялық өзгермелі жағдайларын ескере отырып, 50-ден астам жеке факторлар пайдаланылған. Көшбасында алпауыт АҚШ, Ресей, Қытай, Үндістан тұр. Орталық Азияда Өзбекстан жыл сайын алдымызды орап жүр. Олар биыл рейтингте 52-орында. Бұрынғы Кеңес одағы елдері арасында Ресей (2-орын), Украина (27-орын), Өзбекстан (52-орын), Беларусь (53-орын) мемлекеттерінің әскери саласы біздің алдымызда [2].

АҚШ Орталық барлау басқармасының Global Firepower халықаралық зерттеу орталығына сарапшыларының мәліметі бойынша Қазақстан әскерінде 132 мың адам әскери борышын өтеп жүр. Қазақстанда қорғаныс саласы мемлекет бюджетінен тұрақты қаржыландырылады. Қорғаныс министрлігінің мәліметі бойынша қорғаныс саласының үш жылдық бюджеті (2020–2022) 961 млрд теңгені (2,55 миллиард доллар) құрайды. Жалпы қорғаныс министрлігінің бюджеті 2006 жылы 80.5 миллиардтан 2016 жылы 434.1 миллиард теңгеге өскен. Ал 2017 жылы 382,4 миллиард теңгеге дейін қысқарды. Оған соңғы жылдардағы дағдарыс та әсер етсе керек. 2020 жылға 331,9 миллиард теңге қарастырылған. Оның ішінде 313,6 млрд теңге қарулы күштерді ұстап тұруға және 18,3 млрд теңге адами ресурстар мен медициналық қолдауды дамытуға жұмсалады [3].

Елімізде төрт өңірлік әскери қолбасшылық штабы бар. Олар: "Астана", "Батыс", "Шығыс" және "Оңтүстік". Осы өңірлік қолбасшылықтар арқылы еліміздің шекарасы және қауіпсіздігі қорғалады. Бұл әскери дайындықты тиімді ұйымдастыруға және әскер миссиясына қатысты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда құрлық әскерінің қуатты айбыны жоғары. Global Firepower мәліметі бойынша, ҚР армиясында 650 танкі, 800 БТР және БМП, 300 сүйрелмелі артиллерия, 100 бірлік дүркіндетіп ататын реактивтік жүйе бар [4].

Әуе әскери күштері мен әуе теңіз күштері, әскери теңіз күштерінде ұшу аппараттарының жалпы саны – 222. Оның ішінде 76 жоятын, 39 штурмдық, 18 әскери-көлік, 18 оқу-жаттығу ұшақтары мен 71 әскери, 18 соққы беретін тікұшақтар бар. Қазақстанның Әскери әуе күштері мен басқа құрылымдарда қазіргі кезде 15 әскери патрульді кемелері қолданыста.

Жалпы құрлық шекарасының ұзындығы – 13392,6 шақырым. Батыста Каспий теңізімен, оңтүстік батыста Арал теңізімен жалғасады. Қазақстан әскерін цифрландыру да аса маңызды. Цифрландыру үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік



бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға қатысу; «Электрондық үкімет» порталы арқылы халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету; басқару жүйесін автоматтандыру және әскери ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша іске асуда.

Сондай-ақ, ұрыс қимылдары кезінде бөлімшелердің маневрін қамтамасыз ету үшін автоматтандырылған басқару жүйесінің мобильді кешендері енгізілуде. Сонымен қатар, жоғарғы эшелон мен Құрлық әскерлерін басқарудың автоматтандырылған жүйесі жасалды. Бұл Қарулы Күштерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің негізі болып табылады және әскерді басқарудың тиімділігі мен сапасын арттыруға, шешім қабылдау уақытын қысқартуға және адам мен ресурстардың минималды шығыны арқылы жеңіске жетуге мүмкіндік береді.

Қарулы Күштер үшін ресурстарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі жасалуда. Жүйені құру аяқталғаннан кейін бухгалтерлік есептің барлық түрлері онлайн режиміне көшеді. Бұл қаржының тиімді жұмсалуды қадағалауға және бақылауды ашық жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Сандық жергілікті әскери басқару» пилоттық жобасы Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы облысының жергілікті әскери басқару органдарында жүзеге асырылуда. Мақсат - әскери комиссариаттардың қызметін цифрлық негізде трансформациялау. Бүгінгі күні 11 ақпараттық жүйе коммерциялық пайдалануға енгізілген.

Қорғаныс министрлігі, Бас штаб, Қарулы Күштер филиалдары, аймақтық қолбасшылықтар, әскери бөлімдер мен мекемелер арасында ақпарат алмасу үшін деректерді берудің ведомстволық желісінің құрылысы да жалғасуда. Бұл әскери бөлімдер мен мекемелерді бірыңғай цифрлық ақпараттық кеңістікке біріктіруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мекемелердің 41% пайызы ведомстволық деректерді беру желісімен жабдықталған. Халықаралық ынтымақтастық екі жақты деңгейде де, Қазақстан Республикасының халықаралық және аймақтық ұйымдарға (БҰҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ, ШЫҰ, ТМД және т.б.) қатысу шеңберінде де жүзеге асырылады [5].

Шетелдік серіктестердің қорғаныс ведомстволарымен екіжақты және көпжақты форматтағы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары әскери білім және ғылым, жауынгерлік дайындық, әскери-техникалық ынтымақтастық және бітімгершілік қызмет болып табылады. Көп елдер арасында өзара тәжірибе алмасу мақсатында бірыңғай әскери жаттығулар да жиі өтіп тұрады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) форматында ұйымдардың қорғаныс ведомстволары басшыларының кездесулері, түрлі салалардағы мамандардың жиындары, семинарлар мен сараптамалық деңгейде консультациялар жыл сайын өткізіледі. Әскери қызметшілерді өзара оқыту ұйымдарға қатысушы елдердің әскери оқу орындарында жеңілдікпен және өтеусіз негізде ұйымдастырылған. Ұйымға мүше елдердің қарулы күштері арасында бірлескен жаттығулар мен жарыстар жыл сайын өтіп келеді. Тіпті



пандемия кезеңінде де тәжірибе алмасу тоқтаған емес. Онлайн форматта білім алмасу да жүріп тұрды.

Әскери ресурстардың мүмкіндіктерін қандай принциптерге сәйкес модельдей аламыз деген көкейде сұрақтың да пайда болатыны заңды. Біз еліміздегі әскердің моделін бірнеше типтік ерекшеліктеріне байланысты бөліп қарастыруымызға да болады: дайындығы, жабдықталуы, әскери техникасы, психологиялық дайындығы, аяқасты қимылға көше алуы, идеологиялық бірегейлігі және т.б. Мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы бұл қатты күштің бейбіт күндегі барлық қызметі мемлекеттің шекарасын заңсыз бұзғысы келетін шет елдік азаматтар мен азаматшалардан қорғау. Еліміз туралы өзге мемлекеттік ақпарат жинаушылардың бүліктерінен тазарту.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) саяси-әскери өлшемдерінде де ынтымақтастық дамуда. Әскери ведомстволар басшылығының өмірбаяндық ақпараты және қаруды бақылау мен қарусыздану жөніндегі көпжақты құжаттардың қатысуы немесе ратификациялануы, АӨСШК арнайы жұмыс тобы мен жоғарғы комитеттің отырыстары туралы жыл сайынғы ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен (БҰҰ) бірлескен бітімгерлік миссияларына қатысу жұмыстары да жыл сайын өтуде. Ел басшылығының тапсырмасына сәйкес қазақстандық бітімгершілік контингентінің қатысу географиясын кеңейту мүмкіндігі қарастырылуда. Шетелдік серіктестермен БҰҰ миссияларының біріне сұранысқа ие мамандандырылған бөлімшелерді (дала госпиталы, инженерлік бөлім, барлау бөлімі, әскери полиция отряды) бірлесіп орналастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Халықаралық әскери ынтымақтастық екіжақты негізде Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, АҚШ, Түркия, Орталық Азия аймағының елдері, Үндістан, Пәкістан және т.б. елдермен даму үстінде [6].

Мемлекеттің қуатты Армиясы болса ешкімге тәуелді болмайды. Оның сөзі өтімді, ал мысы басым. Өйткені қарулы адам мен жалаң қол жауынгерді салыстыруға келмейді. Қазақ тарихында қарудың сапасына байланысты опық жеп, ах ұрған сәттеріміз аз емес. Батыр бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен мына алып атырапты қорғап өтті. Алайда жаңа қару түрлері көшпенді дәуірдің қаруы мен соғыс тактикасын кейінге ысырып тастады. Салдарынан біз зеңбірекке қылышпен шаптық, білте мылтыққа қарсы садақты қойдық. Тарих оны кешірмеді. Ұзақ жылдарға созылған қарсыласу мен азаттық үшін күрестер жеңіліске ұшырап, соңында бодан болдық. Бұл біз ешқашан ұмытпайтындай сабақ болды [7].

Саяси жан-жалды реттеуде қарулы күштердің ықпалы қандай мәнге ие?

Әскери мүмкіндіктерімізге қарай Қазақстан Республикасына қарсы жоғары қарқынды жанжал мынадай әскери-саяси мақсаттардан туындауы мүмкін: елде саяси биліктің ауысуы, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне



іріткі салу, аумақтың біршама бөлігін иеліктен шығару, мемлекеттің әскери әлеуетін толық жою. Беті аулақ, егер осындай жағдай туындай қалса, Қазақстан өзі қатысушысы болып табылатын Ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерінің коалициялық мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға ұмтылатын болады. Бұл күрделі концепция, қарапайым, қазақша тілмен айтқанда, елімізге үлкен қатер-қауіп төніп жатса, Ресей армиясының көмегіне жүгінеміз дегенді аңғартады.

Қорытынды

Мемлекеттік біртұтастылық Қазақстан республикасына иедологиялық тұрғысынан болса да, шекаралық бүтінділік жағынан болса да қарулы күштердің көмегімен ғана жүзеге асатыны белгілі.

Мемлекет ішіндегі көптеген саяси және саяси емес дүмпулер кезінде тәртіпсіздіктердің алдын алып, тұтас мемлекеттің тағдыры шешілетіндей сын сағатта мемлекеттігімізді сақтауға атсалысқан – еліміздің қарулы күштері. Қарулы күштері нашар жетілген мемлекетте ғана саяси тұрақсыздықтар жиілеп кетуі мүмкін. Сондықтан, қарулы күштерді тәуелсіздіктің кепілі дегім келеді. Ішкі саяси тұрақтылықты сақтауда саяси-экономикалық жан-жалдарға күресу шарасы, бақылау мүмкіндіктері дұрыс жолға қойылған. Мәселен терроризмнің әлеуметтік топтарға ықпалын азайтып, ел тұрақтылығын сақтау шаралары жұмыс жасауда. Сондықтан даушы мемлекет ретінде атқарылып жатқан қарулы күштердің саяси қақтығыстарды шешуде айтарлықтай маңызға ие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Федосеев С.Г. Военная безопасность Республики Казахстан. – Алматы: Высшая школа, 2006. – С.106.
2. Галямова В. Усиление Китая и ожидания для Казахстана // Аналитик. – 2010. – №4. – С.27.
3. Аитбаев М.С. Безопасность и региональное сотрудничество: сборник материалов международной конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 4 с.
4. Токаев К.Ж. Очерки дипломата. – Алматы: 2016. – С. 232
5. Каштанов В. Китай впервые направит истребители J-10 и танки тип 99 на совместные военные учения. [Электронды ресурс]. – URL: [http://www. Periscope 2.ru/?digest_id=21257](http://www.Periscope2.ru/?digest_id=21257). 30.Смирнов С. М. АТР и западная модель коллективной безопасности. [қаралған күні: 02.03.23].
6. Чжан В. Шанхай хэцзо цзуджи чэнцзю цзихуй юй. Чжунго вайцзю сюэюань. – Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 2004. – 78 с.
7. Кокошин А. А. Политология и социология военной стратегии. – М.: АСТ, 2021. – С. 616.



О.Е. Ыскак, А.А. Сисатов

Моделирование роли военных в урегулировании политических конфликтов в Казахстане

В данной статье описывается необходимая для общества функция вооруженных сил, которая может стать главной гарантией сохранения независимости при урегулировании государственных конфликтов, реализации мер по предотвращению массовых беспорядков. Из-за отсутствия местных правоохранительных органов при подавлении многих внутренних переворотов вооруженные силы, охраняющие границы и целостность республики, могут быть немедленно мобилизованы для нормализации внутри государственной политики. Правда, чем более развита армия, тем выше гарантия надежности благодаря независимости этой страны. Чтобы соблюдать уровень качества военных ресурсов, их лучше моделировать по принципам их работоспособности. Объективную оценку роли вооруженных сил страны в новом Казахстане мы можем дать только в процессе моделирования.

Ключевые слова: вооруженные силы, конфликты, государственная политика, моделирование, геополитика, глобализация.

O.E. Yskak, A.A. Siatov.

Modeling the role of the military in settling political conflicts in Kazakhstan

This article describes the function of the armed forces necessary for society, which can become the main guarantee of maintaining independence in the settlement of state conflicts, the implementation of measures to prevent riots. Due to the lack of local law enforcement agencies in the suppression of many internal coups, the armed forces guarding the borders and integrity of the republic can be immediately mobilized to normalize domestic politics. True, the more developed the army, the higher the guarantee of reliability due to the independence of this country. To maintain the quality level of military resources, it is better to model them according to the principles of their performance. We can give an objective assessment of the role of the country's armed forces in the new Kazakhstan only in the process of modeling.

Key words: armed forces, conflicts, public policy, modeling, geopolitics, globalization.

References:

1. Fedoseev, S.G. (2006). Voennaya bezopasnost` Respubliki stan [Military security of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty. – 106 p.
2. Galyamova, V. (2010). Usilenie Kitaya i ozhidaniya dlya [China's strengthening and expectations for Kazakhstan] // Analitik. – №4. – 27 p.
3. Aitbaev, M.S. (2010). Bezopasnost` i regional`noe sotrudnichestvo: sbornik materialov mezhdunarodnoj konferencii [Security and regional cooperation: a collection of materials of the international conference]. – Almaty: KISI pri Prezidente RK. – 4 p.
4. Tokaev, K.Zh. (2016). Ocherki diplomata [The Diplomat Essays]. – Almaty. – 23 p.
5. Kashtanov, V. Kitaj v pervy`e napravit istrebiteli J-10 i tanki tip 99 na sovместny`e voenny`e ucheniya [Shanghai hezo zhuzhi cheng ju jihui yu. Zhongguo weijiao Xueyuan].



[Elektronnyi resurs]. – URL: <http://www.periscope2.ru/?digestid=21257>. 30. Smirnov S. M. ATR I zapadnaya model' kollektivnoj bezopasnosti. [in Russian].

6. Chzhan, V. (2004). Shanxaj xe`czzo czzudzhi che`nczzyu czzixuj yuj. Chzhungo vajczzyaoy syue`yuan`. – Pekin: Be`jczzin chuban`she`. – 78 p

7. Kokoshin, A. A. (2021). Politologiya i sociologiya voennoj strategii [Political science and sociology of military strategy]. – M.: 616 p.

Ысқақ Оралбек Ереванұлы	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің конфликтология мамандығы бойынша 1-курс докторанты, Алматы, Қазақстан
Ыскак Оралбек Ереванович	докторант 1-курса по специальности конфликтология Казахского Национального университета им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Yskak Oralbek	Kazakh National University named after al-Farabi 1st year doctoral student in conflictology, Almaty, Kazakhstan

Сисатов Азамат Амангелдіұлы	подполковник, ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаменті бітімгершілік қызметі басқармасының бастығы, Астана, Қазақстан
Сисатов Азамат Амангельдиевич	подполковник, начальник управления миротворческой деятельности Департамента международного сотрудничества МО РК, Астана, Казахстан
Sisatov Azamat	lieutenant colonel, Head of the Peacekeeping Department of the Department of International Cooperation of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan